

Жинақтаушы зейнетақы қорларына аударуға жататын міндетті зейнетақы жарналарының сомасы туралы хабарлама нысанын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының 2003 жылғы 28 тамыздағы N 347 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2003 жылғы 8 қазанда тіркелді. Тіркеу N 2520. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының 2005 жылғы 22 қыркүйектегі N 428 бұйрығымен.

Ескерту: Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының 2005 жылғы 22 қыркүйектегі N 428 бұйрығымен.

-----Бұйрықтан үзінді-----

"Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 15 наурыздағы N 245 және 2001 жылғы 22 желтоқсандағы N 1671 қаулыларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 30 маусымдағы N 659 қаулысының қабылдануына байланысты БҰЙЫРАМЫН:

1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Салық комитеті Төрағасының мынадай бұйрықтарының күші жойылды деп танылсын:

1) "Жинақтаушы зейнетақы қорларына аударуға жататын міндетті зейнетақы жарналарының сомалары туралы хабарландыру нысандарын бекіту туралы" 2003 жылғы 28 тамыздағы N 347 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2003 жылы 8 қазанда N 2520 болып тіркелген, "Ресми газетте" 2003 ж. 8 қарашадағы N 45(150) жарияланған)...

Т ө р а ғ а

*"Міндетті зейнетақы жарналарын есептеудің, ұстап қалудың (қоса есептеудің) және жинақтаушы зейнетақы қорларына аударудың ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 15 наурыздағы N 245 қаулысына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН** :*

1. Қоса беріліп отырған жинақтаушы зейнетақы қорларына аударуға жататын міндетті зейнетақы жарналарының сомасы туралы хабарламаның нысаны бекітілсін .

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Салық комитетінің Салық әкімшіліктендіруі басқармасы (А.М. Қыпшақов) осы бұйрықты Қазақстан

Республикасының Әділет министрлігіне мемлекеттік тіркеуге жіберсін.

3. Осы бұйрық мемлекеттік тіркеуден өткен күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Төраға

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрлігінің
Салық комитеті Төрағасының
2003 жылғы 28 тамыздағы
N 347 бұйрығымен

бекітілген

**Жинақтаушы зейнетақы қорларына аударуға жататын
міндетті зейнетақы жарналарының сомасы туралы
ХАБАРЛАМА**

Ескерту: Нысан жаңа редакцияда жазылды - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті Төрағасының 2004 жылғы 23 желтоқсандағы N 659 бұйрығымен .

20 __ ж. " ____ " _____ N _____

"Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы"
Қазақстан Республикасы Заңының 22-4-бабына сәйкес
_____ бойынша Салық комитеті

(облыс, қала, аудан)

Сізді _____
(агенттің толық атауы)

_____ немесе аты-жөні, СТН-і, мекен-жайы)
20 __ ж. ____ жағдай бойынша _____

(санмен және жазбаша)

мөлшерінде жинақтаушы зейнетақы қорларына міндетті зейнетақы жарналары бойынша берешегіңіздің бары туралы хабардар етеді.

Осыған байланысты Сізге _____
(облыс, қала, аудан)

_____ бойынша Салық комитетіне осы хабарламаны алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде міндетті зейнетақы жарналары бойынша берешек олардың пайдасына өндіріліп алынатын жинақтаушы зейнетақы қорлары салымшыларының тізімдерін және әрбір жинақтаушы зейнетақы қоры бойынша берешектің жалпы сомасын көрсетумен жинақтаушы зейнетақы қорларының тізімдерін табыс ету қажет.

Міндетті зейнетақы жарналары бойынша берешек олардың пайдасына өндіріліп алынатын жинақтаушы зейнетақы қорлары

салымшыларының тізімдері табыс етілмеген жағдайда _____
(облыс, қала, аудан)

_____ бойынша Салық комитеті
агенттің банк шотындағы(тарындағы) барлық шығыс операцияларын
тоқтата тұру туралы өкім шығарады.

Банк шоттары болмаған жағдайда _____
(облыс, қала, аудан)

_____ бойынша Салық комитеті
агенттің қолма-қол ақшасына өндіріп алады.

Бұл ретте, Сізге көрсетілген Заңның 22-4-бабында белгіленген
тәртіпте және шарттарда өсімпұл есептеледі.

Салық қызметі органдары мен олардың лауазымды тұлғаларының
заңды талаптары орындалмаған жағдайда Сізге Қазақстан
Республикасының әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы кодексіне
сәйкес әкімшілік жаза шаралары қолданылады.

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Сіздің салық
қызметі органдарының лауазымды тұлғаларының іс-әрекетіне
(әрекетсіздігіне) салық қызметінің жоғары тұрған органына немесе
сотқа шағымдануға құқығыңыз бар.

Салық комитетінің Төрағасы _____
(аты-жөні, қолы, мөрі)

Хабарламаны алдым _____
(агенттің аты-жөні, қолы, мөрі, күні)

Хабарлама агентке тапсырылды _____
(салық қызметі органының лауазымды

_____ тұлғасының аты-жөні, қолы, күні)
Хабарлама агентке жіберілді _____
(жіберу және алу фактісін растаушы құжат)